

Орман қоры жерінің жекелеген учаскесін басқа санаттағы жерге ауыстыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 25 наурыздағы N 396 Қаулысы

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінің 130-бабына және Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 шілдедегі Орман кодексінің 51-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **Қ АУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Оңтүстік Қазақстан облысы Табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасының Созақ ормандар мен жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесінің (бұдан әрі - мекеме) орман қоры жерінен алаңы 82 гектар жер учаскесі өнеркәсіп, көлік, байланыс, қорғаныс және өзге де ауыл шаруашылығы емес мақсаттағы жерлер санатына ауыстырылсын.

2. Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулының 1-тармағында көрсетілген жер учаскесін уран өндіруді жүргізу үшін "Тау-кен компаниясы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне (бұдан әрі - серіктестік) беруді **қ а м т а м а с ы з** е т с і н .

3. Серіктестік қолданыстағы заңнамаға сәйкес орман алқаптарын орман шаруашылығын жүргізуге байланысты емес мақсаттарда пайдалану үшін оларды алып қоюдан туындаған орман шаруашылығы өндірісінің шығындарын республикалық бюджеттің кірісіне өтесін және алынған сүректі мекеменің теңгеріміне бере отырып, алаңды **тазарту жөнінде шаралар қабылдасын.**

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 9

ж ы л ғ ы

2 5

н а у р ы з д а ғ ы

N

3 9 6

қ а у л ы с ы н а

қосымша

Орман қоры жерінің санатынан өнеркәсіп, көлік, байланыс, қорғаныс және өзге де ауыл шаруашылығы мақсатындағы емес жер санатына ауыстырылатын Оңтүстік Қазақстан облысы Табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасының Созақ ормандар мен жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі жерінің экспликациясы

| | | | | | | | |
|--|--|--------------|--|--|--|--|--|
| | | Оның ішінде: | | | | | |
|--|--|--------------|--|--|--|--|--|

| Ж е р пайдаланушының атауы | Жалпы алаңы, гектар | орман көмкерген | егістік | жайылым | шабындық | құмдар | өзге жерлер |
|--|---------------------------|--------------------|---------|---------|----------|--------|-------------|
| Созақ ормандар мен жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекеме | 82 | 82 | - | - | - | - | - |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК